

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына N 996 МГ сериясындағы лицензияның (мұнай) қолданылуын тоқтата тұру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 қараша N 1721. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.20. N 530 қаулысымен. ~P010530

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" заң күші бар Жарлығының U962828\_ 38-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамына Ақтөбе облысының Темір ауданының аумағында XXII-22-А (ішінара), В (ішінара), Е (ішінара), блоктарының шегінде орналасқан Кеңқияқ кен орнында (тұз астындағы) көмірсутекті шикізатты өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына 1997 жылғы 25 маусымда берген Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына N 996 МГ сериясындағы лицензияның (мұнай) қолданылуы осы кен орны бойынша 1999 жылғы инвестициялық міндеттемелердің орындалмауына байланысты тоқтатыла тұрсын.

ЕСКЕРТУ. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі ұзартылсын - ҚР Үкіметінің 2000.12.13. N 1828а қаулысымен. P001828а а

2. 1997 жылғы 25 маусымдағы N 996 МГ сериясындағы лицензияның (мұнай)

8.6-тармағында белгіленген тәртіппен лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды туындатқан себептерді жою үшін бір айлық мерзім белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын N 996 МГ сериясындағы лицензияның (мұнай) қолданылуын тоқтата тұру туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.,  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК